Accept original high quality scientific articles that have not been previously published or submitted for publication in another journal.

Rely on the requirements of the legislation of the Republic of Kazakhstan in relation to copyright and generally accepted in world practice provisions on publication ethics.

Focus on the coverage of publications in the following specialties: humanitarian sciences

1. Literary studies
2. Art studies

With respect and hope for cooperation, Editor-in-chief of "Keruen", Doctor of Philology, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of the M.O. Auezov Institute of Literature and Art MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich.

Жұматаева А.Н.

ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының PhD докторанты,

Алматы, Қазақстан

E-mail: aidanaz@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2236-9549

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ: АБАЙҒА ДЕЙІНГІ КӨРКЕМДІК КӨЗҚАРАСТАРҒА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Абай поэзиясындағы қазақ әйелдерінің көркем бейнесі жан-жақты қарастырылады. Сонымен бірге Абайға дейінгі авторлық ауыз әдебиеті өкілдері мен әнші-ақындар шығармашылығындағы әйел кейіпкерлер жайлы моральдық-психологиялық мазмұндағы өлеңдерге шолу жасалып, олардың көркемдік-эстетикалық, мазмұндық-идеялық функцияларына назар аударылады. Абайдың әйел бейнесін суреттеудегі көркемдік шеберлігі Бұқар, Ақтамберді, Шәлгез, Шал ақын сынды жыраулар мен сал-серілер поэзиясының белді өкілі Ақан серінің әйел образын жасаудағы ақындық дәстүрі мен авторлық ұстаным тұрғысынан салыстырмалы талданады.

Ұлттық поэзиядағы қазақ әйелдерінің бейнесі жайындағы көркемдік көзқарастар эволюциясын саралай келе, Абайға дейінгі әдеби шығармашылық дискурста контрасты қасиеттерге ие әйелдер бейнесінің үстемдік құрғанына көз жеткіземіз. Яғни, жыраулар мен әнші-ақындар шығармаларындағы әйелдер көбінесе жақсы-жаман әйел сипатындағы бинарлық оппозиция, сондай-ақ, сыртқы тән сұлулығы тұрғысынан суреттелді. Ал Абай қаламынан туған қазақ әйелдерінің бейнесінде олардың сыртқы портреті, мінез-құлық нормалары, киім киісі мен жүріс-тұрысынан бастап, психологиялық, эмоциялық көңіл-күйі мен ішкі рухани жан дүниесіне дейінгі тұтас әлемі ашылады. Сондай-ақ, мақалада дәстүрлі әйел бейнесінің Абай шығармаларында ана, сүйген жар, дос, сұлу қыз, отанасы, махаббат музасы ретіндегі терең де күрделі, жұмбақ бейнеге айналу процесі нақты мәтіндер арқылы сараланады.

Мақала «Абай поэзиясындағы қазақ әйелдерінің рухани әлемі (гендерлік поэтика негізінде)» атты докторлық диссертация аясында дайындалды.

Кілт сөздер: Абай, поэзия, әйел бейнесі, әйел эмансипациясы, гендерлік поэтика, типология.

Кіріспе. Бүгінгі көркемдік дискурстағы пәнаралық зерттеулерге сай феминистік, гендерлік поэтика тұрғысынан танылып жүрген «әйелдер даусы», «әйел бейнесі» мәселелері кез келген ұлт әдебиетіндегі мәңгілік тақырыптардың бірегейіне айналған. Әдебиет пен өнердің рухани құндылық ретіндегі моральдық, көркемдік-эстетикалық мұраттарын, сұлулықтың ішкі-сыртқы критерийлерін, тазалық пен ізгіліктің, махаббаттың ұлылығын паш етуде әйел образы символдық мәнге ие болды. Сырлы да сұлу әйел бейнесі қай заманда болмасын өнер өкілдерін шабыттандырып, олардың шығармашылық кредосының қалыптасуына игі әсерін тигізіп отырды. Өсіресе, әйел табиғатының айрықша сабырлылығына, адалдығына, жанкештілігіне тәнті болған ақындар оларды тағылымды жырға арқау етіп, әншілер мен күйшілер өз шығармашылығында асқан нәзіктікпен мөлдір әуенге қосты. Ұлы суретшілер оларға арнап ғажап композиция тудырды. Алайда өткен дәуірлерде Орта Азия халықтарымен

қоса Еуропа елдерінде де әйелдер қауымына «төменетекті» деп қарайтын көзқарас басым болған. Олардың көне мәтіндерінде «әйелдер қоғамдық ортада өз күшімен ештеңеге қол жеткізе алмайтын, ерлердің бақылауынан тыс ештеңе жасай алмайтын қоғамның екінші қатардағы азаматтары ретінде суреттелген. Сонымен бірге әдебиетте ер кейіпкерлер тәуелсіз, батыл, көшбасшылық рөлге ие сипатта, ал әйел кейіпкерлер эмоционалды, жұмсақ, мейірімді және әлсіз жаратылыс ретінде бейнеленген» (Daniel Schulza, Štěpán Bahník, 2019: 89). Сондықтан да әдебиеттанудағы гендер пән сөзі ерлер мен әйел кейіпкерлерді бейнелеудегі айырмашылықтан басқа, екі жыныс кейіпкерлерінің көркем мәтіндегі үлесімен, олардың мәдени-әлеуметтік болмысымен ерекшеленеді

Жалпы Абайға дейінгі қазақ поэзиясында, әсіресе халықтық фольклорлық мұраларымызда рухани және физиологиялық сұлулықтың ең көркем белгілерін біріктіре отырып, номиналды құндылыққа ие болған, адалдық пен пәктіктің, рухани тазалықтың, нәзіктіктің, сонымен бірге жанқияр қайсарлықтың символына айналған әйелдер бейнесі жеткілікті сомдалды. Қазақ әйелінің тұтас болмысы сақ дауіріндегі Тұмар патшайымнан бастап, Зарина, Бөрте, Домалақ ана, Рабиға сұлтан бегім, Бопай, Айбике, Қарашаш, Гауһар, т.б. нәзікжандылардың көркем бейнесінде шоғырланған. Ал эпостық жырлардағы Ақжүніс, Назым, Құртқа, Гүлбаршын, Жібек, Баян сынды кейіпкерлер нағыз қазақ әйелінің идеалы ретінде қабылданады. Көне Орхон жазба ескерткіштеріндегі Ұмай, Айқаған ана образдары да халық мұратының символы ретінде бағаланып, әрі іргелес түркі халықтарымен рухани-мәдени жағынан дүниетанымдық тұрғыда жақындастығымызды айқындай түседі.

Материалдар мен әдістер. Абай шығармаларында суреттелетін қазақ әйелдерінің көркем бейнесін айқындауда ақынның махаббат, ғашықтық сарындағы лирикалық туындылары, «Өзім әңгімесі», «Масғұт» поэмалары мен поэзиялық мұрасы негізге алынды. Бұл тақырыпта Абайға дейінгі жазылған өлең-жырларға идеялық-көркемдік тұрғыдан салыстырмалы талдау жасалып, әдебиеттанушы-ғалымдардың зерттеу еңбектері тақырыпқа сәйкес пайдаланылды. Әсіресе, басты акцентировка әнші-ақындар мен жыраулардың әйел образын жасаудағы көркемдік схематизациясы мен олардың көркем мәтінінің идеялық-эстетикалық бітіміне қойылды.

Мақаланы жазу барысында компоративистикалық, әдеби герменевтикалық, әдеби интерпретациялық, мәдени-тарихи талдау әдістер қолданылды.

Нәтижелері. Авторлық ауыз әдебиетінің классикалық үлгісі саналатын жыраулар поэзиясында қазақ әйелдерінің жалпыланған бейнесі суреттеледі. Адамгершілік пен елдік, береке-бірлік мәселесі жыраулық поэзияның басты идеологиясы болғанымен, арулар образы мен олардың моральдық, психикалық ахуалдары халық поэзиясы өкілдерінің толғауларында эстетикалық талғаммен жырланды. Абылайдың ақылшысы болған Бұқар жыраудың мәтелге айналған «Қызда қылық болмаса, Құр шырайдан не пайда?» немесе Ақтамбердінің «Арудан асқан жан бар ма?» дейтін бір ғана тармағы әйел әлемінің тұтас позициясын, интуитивті табиғатын, әйелдік философияның бүкіл сипаттамасын ашып береді. Мақалада Абай сомдаған қазақ әйелінің қайталанбайтын дара болмысын, ішкі жан сезімін суреттейтін өлеңдері тақырыптық топтарға жіктелді. Ақынның ана, аяулы жар, әдемі қыз, ақылшы дос

сынды әр түрлі типологиялық кейіпте мүсіндеген әйел образдары нақты мысалдармен дәйектелді.

Талдау. Әдебиеттегі әйел бейнесінің эволюциялық даму тарихын сөз еткенде, әлеуметтік-тарихи контекстен тыс кейіпкердің портретін жасау мүмкін еместігіне көз жеткіземіз. Себебі әйел, ана бейнесі қашанда көкейтесті мәселе болғанымен, аталмыш тақырыптың көркем шығармашылықта көрініс табуы сол ұлттық әдебиеттің даму, қалыптасу жолдарымен бірлікте туындайды. Мәселен, біз жоғарыда мысалға келтірген XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында әйел бейнесі біршама сомдалғанымен, олардың сүйіспеншілікке толы қайталанбас рухани сұлулығын, әйел жанының ішкі жан дүниесін суреттеуге соншалықты көңіл бөлінбеді. Қазақ өміріндегі тарихи-әлеуметтік мәні зор, келелі мәселелерді қозғаған жыраулар шығармашылығында әйелдер бейнесі жақсы мен жаман әйелдің сипатын салыстырып, ғибраттық мазмұндағы дидактикалық сарынмен өрнектелуден әрі аспады деуге болады. Мәселен, Бұқар жырау атақты «Жал-құйрығы қаба деп» толғауында:

«Жаман қатын алғаның –
Төркініне бере алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Оңды жауап қата алмай,
Жалғанда қор болғаның», (Қалқаманұлы, 1993: 42) – десе,

Ақтамберді жырау:

«Мінезді болса жолдасың
Күндер сонар қызбен тең.
Жаман болса жолдасың

Астыңнан өткен сызбен тең» (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 66), –

деп дәстүрлі қазақ отбасындағы әйелдің жанұядағы жарасымдылық пен татулықтың, тыныштық пен шаттықтың ұйытқысы екендігін меңзейді. Ағартушылық-гуманистік мазмұндағы бұл жолдарда өнегелік-тәрбиелік тұрғыдан насихат айтылады. Сондай-ақ, әйел затының жағымды-жағымсыз мінез-құлқын сынау арқылы отанасының адами болмысын отбасы құндылықтарымен сабақтастыра жырлаған ақылман жыраулардың әдептілікті уағыздайтын өсиетін аңғарамыз.

Ал Шәлгез жырында:

«Жазық маңдай, жалқын шаш,
Құбаған мұрын, қиғаш қас,
Қызарыдан көйлекті,
Еңінде семсер ақ тісті,
Мойнында дан алқалы күмісті,
Жарыменен екеуі,
Жатып тілек тілесе,

Қыдыр күнге жолығар» (Классикалық зерттеулер, 2014: 218), –

деп әйелдің сыртқы бейнесіне ерекше назар аударады. «Жалқын шаш», «қиғаш қас», «жазық маңдай», «құбаған мұрын» деген адамның сыртқы тұлғасын эстетикалық тұрғыда сипаттайтын параметрлік сын есімдер мен эпитеттерді қолдана

отырып, әйелдің жалпы монументалды портретін береді. Автор әйел портретін жасауда жыраулық дәстүрмен қоса құрылымдық, семантикалық жағынан халық фольклорының циклдік үлгілеріне сүйенеді.

Абайға дейінгі ұлттық поэзияда әйел жайын көп жырлаған ақынның бірі ретінде Тілеуке (Шал) Құлекеұлы есімі аталады. Ақын әйелдерге арнаған көптеген өлеңдерінде «Жақсы әйел бойын түзеп сылақтайды...», «Жақсы қатын шығарар ердің атын...», «Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас...», «Жаман әйел байымен ұрысады...», «Жауыз қатын қабаған ит сияқты...», «Алғаның жақсы болса қорғандайды...», «Жақсы әйел дәулетіңе сән келтірер...», «Жақсы әйел алсаңыз, Алладан жауған нұрмен тең» деп жақсы мен жаман әйелдің кереғар мінез-құлқын салыстыра суреттеп, іргелі ел болу, сапалы қоғам құру идеясын әйел затымен байланыстыра жырлайды. Ал «Қыздар туралы» өлеңінде автор қыз баласының жас ерекшелігіне сай физиологиялық, психоэмоционалдық даму динамикасын сыпайы әзілмен өрнектей отырып, әйел әлемінің пәлсапалық болмысын жеткізеді. Ақынның кейбір сөз қағысуларында әйел образына қатысты тым ашық, әдепсіздеу естілетін тұрпайы сөз қолданыстары кездеседі. Алайда, мұндай жолдар Шал ақынның бейпіл ауыздығын, анайылыққа бейімдігін емес, керісінше суырыпсалма шеберлігін, реалистігін, коммуникативті жағдаятқа байланысты пайдаланған өзіне тән көркемдік ерекшелігін көрсетеді.

Абаймен тұстас сал-серілер поэзиясы өкілдерінің шығармаларында әйел бейнесі біршама ашыла түскенін байқаймыз. Мысалы, Ақан серінің «Жақсы әйелдің сипаты» өлеңінде:

«Ақ жүзді әйел алсаң бойы сұңғақ,

Қасыңа шақырғанда келсе зулап.

Дауысы «әу» дегенде әрең шығып,

Кеудесі еңкейгенде етсе бұлғақ.

Қара қас, жазық мандай, қара көзді,

Дауысы жіп-жінішке, жұмсақ сөзді.

Мінезі майдай еріткен қорғасындай,

Келсе де ерте-кешті бір мінезді» (Ақындар аманаты, 2014: 29), –

деп өз қиялындағы әйел бейнесін поэтикалық сыршылдықпен жеткізуге ұмтылады.

Ақан өзінің ақындық сергектігімен қазақ әйелінің сыртқы тұлғасымен бірге ішкі рухани әлемін ұлттық сипаттармен, ұлттық мінез, қазақы идеологиямен сабақтастыра бейнелейді.

Сонымен Абайға дейінгі көрнекті поэзия өкілдерінің әйелдер хақындағы өлеңдеріне шолу жасай отырып, олардың шығармашылығындағы ортақ бір нәрсені байқаймыз. Бұл ортақ қасиет барлығында да әйел портретін, әйел бейнесін берудегі поэтикалық екпін оның көркем мінезі мен әдеп-ахлағын салыстырмалы суреттеуге негізделеді. Яғни, қазақ әйелі бейнесінің, оның рухани болмысының берік іргетасы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерге, сол дәуірдегі ұлттық мұратты бойына сіңірген қоғамдық көзқарастарға және діни негіздерге сай қалыптасты деуге болады. Халық әдебиеті өкілдерінің мұраларында әйел өмірінің отанасы ретіндегі функционалдық аспектілеріне баса мән беріліп, оның табиғи болмысы-

на, эмоционалдық және сезімдік әлеміне терең бойламаған. Демек, Абайға дейінгі ақындарда қыздың сыртқы сұлулығы мен қазақ әйелінің ұяң, қарапайым бейнесі мүсінделсе, Абай қаламынан туған әйел бейнелері несімен ерекшеленді, образ жасауда қандай көркем детерминанттар байқалды деген салмақты ойды осы мақалада назарға аламыз.

«Адамзаттың рухани қазынасына қазақ не қосты деген сауал туа қалса, жауабын біз іркіліссіз Абайдай сарқылмас бай кенішімізден іздейміз» (Абайтану, 2015:68), – деп профессор Ш.Елеукенов айтқандай, дәстүрлі қазақ әйелінің бейнесі Абай лирикасында бұрын-соңды кейіптелмеген терең де күрделі бейнеде көрінді. Қазақ поэзиясында алғаш рет өткір қарама-қайшылыққа толы, шынайы, нәзік, сонымен бірге рухы күшті әрі терең сырға толы, жұмбақ әйел бейнесі Абай туындыларында көрініс тапты. Абай өмірлік тәжірибесімен, сезімімен, мінезімен, қайталанбас қазақы сұлу болмысымен, адал да ғашық жүрегімен ерекшеленетін әйел образын сомдай отырып, ұлттық өлеңтануда тұтас бір дәуірді, мүлдем жаңа әлемді құрды деп айтуға болады. Бұл ойымызды М. Әуезовтің «Жизнь и творчество Абая» деген мақаласындағы мына бір пікірі бекіте түседі: «Впервые в казахской литературе так отчетливо и на такой моральной высоте высказано новое отношение к семье, к родительскому долгу, к воспитанию молодого поколения и, главное, к женщине.

Безотрадная, злосчастная доля восточной женщины, изображенная в народных поэмах и бытовых песнях, приобретает в творчестве Абая новый смысл. В своей поэзии Абай раскрывает самую душу женщины, о которой так мало было рассказано в прежних поэмах и песнях, отражавших главным образом внешнюю сторону женской судьбы. Абай показывает, как трогательно и глубока любовь женщины, когда она сама выбирает себе возлюбленного, как сильна и непоколебима ее воля в борьбе за вырванное с таким трудом счастье. Абай воспевает казахскую женщину и мать как опору семьи. Он воспевает готовность ее к самопожертвованию, мудрость и стойкость ее в преданной дружбе, цельность ее прекрасной и верной души. Страстно отрицая позорный институт калыма, многоженство и порабощение, Абай в своих стихах борется за равноправие женщины в обществе» (Әуезов, 2008: 106). Демек Абай поэзиясында әйел бейнесі әртүрлі сипатқа ие болды. Ойшыл ақын шығармаларында қазақ әйелі феноменін түсіндірудің мүлдем жаңа әдеби-көркем перспективаларын жасады. Бұған дейін бір схемаға сай ағартушылық канондар тұрғысынан жырланған әйел бейнесіне қатысты прогрессивті көзқарастарды батыл қозғады. Абай поэзиясында өз бақыты үшін күресіп, өз ой-сезімін жеткізе білетін, өз тағдырын өз бетінше шешуге, жеке бақытын құруға ұмтылған әйелдер бой көрсетті. Сонымен бірге Абайдың шығармашылық концепциясында әйел табиғатының әртүрлі аспектілері – сезім бостандығы, өмірге қанағаттанбауы, өзіне және ер адамға деген сыни көзқарасы, құлай сүйеге, гуманистік құндылықтарды сақтауға қабілетті әйел бейнесінің стихиясы мен инстинктивтілігі мейлінше шынайы бейнеленді. Демек, Абай сомдаған әйелдер бейнесі олардың мінсіз емес болмысын сипаттауымен ерекшеленді. Олар да сүрініп, қателесуі мүмкін, бірақ әділетсіздікке немесе адамның қатыгездігіне қарсы тұрып, өзінше жауап бере алатын әйел образын суреттеу арқылы ақын әйел эмансипациясын, әйелдің мүддесін жақтады. Әйелдің болмысын отбасылық міндеттермен шек-

темей, керісінше өзінің өмірлік стратегиясын айқын түсінген әйел бейнесін көрсету ақын үшін өзекті болды. Өйткені еркін ойлы, жаңашыл ақын Абай ұлт мәдениетінің болашағы, ұрпақ тәрбиесі әйелге тікелей байланысты екенін жан жүрегімен түйсінді.

Жалпы Абайдың әйел тақырыбына арналған поэзиялық туындыларын шартты түрде былайша топтастыруға болады:

1) Әйелдің кескін-келбетін, сыртқы тұлғалық кейпін суреттеу арқылы *әдеби бейнесі сипатталатын өлеңдері* («Шығыс ақындарынша» (Йүзі – раушан, көзі – гәуһар), «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Көзімнің қарасы»);

2) Әйелдің ішкі жан дүниесіндегі, түйсіндегі әр түрлі сезім сыры ақтарыла көрінетін, *психологиялық портреті суреттелетін лирикалық жырлары* («Қыз сөзі», «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау», «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында», «Сүйсіне алмадым, сүймедім», т.б.);

3) Әйелдің мінез-құлық нормаларына зер сала отырып, оның өзі таныған болмысын, әйел характерін ашатын, *мінездеме портретін беретін туындылары* («Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Қатыны мен Масақбай», «Қара қатынға»).

Осылайша Абай әдебиет арқылы әйелдің мәртебесін, адамдық келбетін асқақтатып, оның барлық артықшылығы мен кемшілігін көркем қабылдаудың жаңа тенденциясын қалыптастырды.

Енді ақын өзі жасаған әдеби мұрасында әйелдерге қандай рөл берді, әйелдер туралы қандай құнды дүниелер айтты? Жалпы Абай сомдаған әйелдер бейнесі қандай деген салмақты ойларға ойыссақ, жоғарыда айтқанымыздай, ақынның қазақ әйелінің бейнесін, оның ішкі рухани әлемін берудегі өзіндік интерпретациясы көркемдік жаңалықтарға толы болды. Абай поэзиясында әйелдерге деген қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, дәстүрлі стереотиптерді сынай отырып, қазіргі гендерлік идеологияның эстетикалық пайымдауларын ұлттық танымға сай жырлады.

Сонымен Абай өз шығармашылығында қазақ әйелінің бейнесін әртүрлі кейіпте көрсетеді. Мәселен, «Әзім әңгімесі» поэмасының негізгі идеясы адамгершілік, адалдықпен қоса екіжүзділік, аярлық сынды адам бойындағы контрасты мінез-құлықтарды көрсету болғанымен, баласының жазым болғанын білген қарт ананың аһ ұра күңіренген күйі мен оның парасатты, қамқор, махаббатқа толы тұлғасы да әсерлі суреттелген. Олай болса, Абай поэзиясындағы әйелдер, ең алдымен *әйел-Ана бейнесінде* көрінсе,

«Білектей арқасында өрген бұрым,

Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,

Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?» (Абай, 2020: 146), – деп қазақ қызының табиғи тәндік сұлулығын, биязы, нәзік болмысын асқан шынайылықпен, тіпті сиқырлы бояумен қылқалам шеберлері өрнектеген картинадан да асыра бейнелейді. Ал «Көзімнің қарасында»:

«...Мал түгіл басымды,

Жолыңа берсем де аз», (Абай, 2022: 202) –

деп «әйел» концептісін *әйел* – *сұлу қыз бейнесінде* сұлулықтың, әсемдіктің, көркемдіктің символы ретінде көрсетеді. Абай қыздың сұлулығын жоғары бағалағаны сонша, жолында мал түгілі жанын да құрбан етуге даяр екенін әсіре пафоссыз, мейлінше байсалды леппен жеткізеді. Сондай-ақ, Абай поэзиясындағы қазақ әйелі бейнесінің типологиясына зер салғанда, олардың әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын қайталанбас өзіндік эстетикалық, эмоциялық мазмұнға толы тұлғасы көрінеді. Ақын өзінің дүниетанымына, моральдық-философиялық идеяларына сай әйел лексемасын махаббат деген ұлы сезіммен бірлікте қарастырады. Абай әйел мен махаббатты егіз ұғым ретінде сипаттай отырып:

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да» (сонда, 149), –

деп *әйелдің сүйген жар* ретіндегі рөлі мен бейнесін ерекше құрмет тұтқан. Аталмыш өлеңді психопоэтикалық тұрғыдан зерттеген ғалымдар «Бірінші тармақтың мотиві – ішкі психологиялық күй. Екінші тармақтың мотиві – ақынның сана-сезімінен тыс тұрған сыртқы құбылыс. Үшінші тармақтың мотиві – ішкі психологиялық күй. Төртінші тармақтың мотиві – ақынның сана-сезімінен тыс тұрған сыртқы құбылыс» (Дәдебаев, Жусанбаева, Баязитов, 2021: 9) деп әрбір шумаққа мазмұндық-құрылымдық жағынан талдау жасап, басты мотивтерін саралайды.

Ал «Масғұт» поэмасында:

«Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?»
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы? (Абай, 2020: 20)
«...Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер» (Абай, 2020: 20), –

деп Абай әйелді бұл опа бермес дүниедегі қандай ең қиын сәттер болмасын қолдайтын сенімді қорған ретінде *әйел* – *ақылшы, жанашыр, адал дос* бейнесінде сипаттайды. Сонымен қатар Абай әйел образдарына мінездеме бере отырып, *әйелдің* үйдің берекесін кіргізер отанасы ретіндегі бейнесін былайша суреттейді:

«Тегінде адам басы сау бола ма?
Үйінде тексерілмес дау бола ма?
Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
Отырса бұрынғыдай жау бола ма?» (Абай, 2022: 20), –
десе, тағы бір өлеңінде:

«Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр» (Абай, 2022: 62), –

деп әдебиет фонындағы қазақ әйелдерінің сыртқы бейнесі мен ішкі рухани әлемін мұсылмандық, ұлттық, сонымен бірге психологиялық принциптердің синтезі ретінде жан-жақты дамытады.

Сонымен Абай сомдаған қазақ әйелдерінің бейнесіне талдау жасағанда мынадай екі нәрсе ерекше мән береміз: біріншіден, ақын әйел образын жасауда өмірлік мәселелерді басшылыққа алған, яғни ақын өз туындыларында әйел теңсіздігі сияқты өзі ғұмыр кешкен қоғамдық ортада орын алған сүреңсіз оқиғалардың жанды кейіпкеріне айналған әйелдер бейнесін жаңғыртты. Екіншіден, өздерінің «менін» қорғауда табандылық пен мінезінің күштілігін, күйіп-жанып сүйе алатын асыл сезімін, сексуалдық эмоцияларын бүкпесіз көрсете алатын жаңа типтегі әйел бейнесін тудырды.

Сондай-ақ «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?» өлеңінде:

«Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,

Орынсыз адамдармен жыртақтаған» (Абай, 2022: 42), –

деп жөнсіз ұшқалақтанып, орынсыз әзілге әуес, жеңілтек мінезді қыздың бейнесін сынаса, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде:

«Шу дегенде көрінер сұлу артық,

Көбі көпшіл келеді ондай қаншық.

Бетім барда бетіме кім шыдар деп,

Кімі паңдау келеді, кімі тантық» (Абай, 2022: 62), –

деп тәнінің сұлулығы жан сұлулығымен үйлесім таппаған, тек сыртқы сымбатына масаттанған сауықшыл әйелдің өзәзіл кейпін суреттейді. Сонымен қатар Абай әйел затының мінез-құлқын, табиғатын, болмысын жырлауда ақылы мен парасаты ұштасқан мінсіз арулардың көркем бейнесін сомдаумен бірге, зілсіз әзілмен юморлық реңкке ие шынайы кейіпкерлер образын да жасады. Мысалы:

«Сырмақ қып астына

Байының тоқымын,

Отының басына

Төрінің тоқымын

Бүксітіп,

Бықсытып,

Қоқсытып келтірді» (Абай, 2022: 299), –

деп «Қатыны мен Масақбай» өлеңінде үй шаруасына қыры жоқ, салпы етек салақ әйелдің бейнесін көрсетеді. Абайдың идеялық-мазмұндық жағынан осы сарында жазылған «Қара қатынға», «Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған», «Әйелің – Медет қызы, ата Ырым» өлеңдерінде де келеңсіз мінез-құлықтарға ие әйелдер бейнесін жұмсақ күлкіге толы ирониялық тәсілмен жеткізеді. Дегенмен бұл юмор Абайдың әйелдің бойындағы ең бір ұнамсыз қасиеттерді күлкімен жасырған көркемдік маска ғана деуге болады.

Қорытынды. Қорыта келе, қазақ поэзиясындағы әйел бейнесінің эволюциясына салыстырмалы талдау жасағанда, сан түрлі әйел образының панорамасымен бірге әр дәуірдегі әлеуметтік-психологиялық атмосфераны да аңғарамыз. Жалпы Абайға дейінгі поэзияда қазақ әйелдері тағдырына мойынсұнған, көнбіс, ұяң бейнеде сомдалса, Абай шығармаларында жеке басына азаттық алып, сүйгеніне қосылу үшін тіпті құздан құлайтын батыл, күрескер, «жаңа» әйелдердің жарқын образы пайда болды. Демек, Абай қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелердің дәстүрлі құрылымын бұрын-

соңды болмаған үлгіде жаңғыртты. Жинақтап айтқанда, Абайдың поэзиялық туындыларында сомдалған қазақ әйелдері бейнесінің сипаттамасы былайша көрінеді:

- а) хор қызындай көркімен еліктіретін *әйел – сұлулық, әйел – гүл*;
- ә) айрықша қуат беріп, ғажайып шабыт сыйлайтын *әйел – махаббат, әйел – муза*;
- б) күлкісі мен көз жасы шаттық пен мұңға бөлейтін *әйел – өмір, әйел – тұтас әлем*.

Абай осындай терең философиялық мазмұнмен әйелге тән барлық қадір-қасиетті жырлады.

Мақала «AP09259694 – Қазіргі әдебиеттану және когнитивтік парадигма» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Жуматаева А.Н.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
PhD докторант Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,
Алматы, Казахстан
E-mail: aidanaz@mail.ru
ORCID ID: 0000-0003-2236-9549

Образ женщины в поэзии Абая: компаративистский анализ доабаяевских художественных воззрений

Аннотация. В статье подробно рассматривается художественный образ казахских женщин в поэзии Абая. Также был проведен обзор стихотворений морально-психологического содержания о женщинах-героинях в творчестве певцов-поэтов и представителей доабаяевской авторской устной литературы, обращено внимание их художественно-эстетической, содержательно-идейной функции. Произведен сравнительный анализ художественного мастерства Абая в изображении женского образа сопоставимо с точки зрения поэтической традиции и авторской позиции поэзии жырауов как Бухар, Ақтамберди, Шалғез, Шал ақын и яркого представителя поэзии сал-сери Акана Сери.

Анализируя эволюцию художественных взглядов на образ казахских женщин в национальной поэзии, мы убедимся, что в дискурсе литературного творчества до Абая доминировали образы женщин, обладающих контрастными качествами. То есть, женщины в произведениях жырауов и поэтов-певцов часто изображались с точки зрения бинарной оппозиции хорошего-плохого женского характера, а также внешней физической красоты. А в образе казахских женщин, рожденных пером Абая, раскрывается весь их мир, начиная от внешнего портрета, норм поведения, одежды и поведения, заканчивая психологическим, эмоциональным состоянием и внутренним духовным миром. Кроме того, в творчестве Абая процесс трансформации традиционного образа женщины в глубокий, сложный, загадочный образ матери, любимой жены, подруги, прекрасной девушки, музы любви был дифференцирован через конкретные тексты.

Статья подготовлена в рамках докторской диссертации «Духовный мир казахских женщин в поэзии Абая (на основе гендерной поэтики)».

Ключевые слова: Абай, поэзия, женский образ, женская эмансипация, гендерная поэтика, типология.

Zhumatayeva A.N.

Kazakh National University named after al-Farabi,
PhD doctoral student Institute of Literature and Art named after M.O. Auevov,
Almaty, Kazakhstan
E-mail: aidanaz@mail.ru
ORCID ID: 0000-0003-2236-9549

The Image of a Woman in Abai's Poetry: Comparative analysis of pre-Abay artistic views

Annotation. The article examines in detail the artistic image of Kazakh women in the poetry of Abai. Also, a review of poems of moral and psychological content about female heroines in the work of singer-poets and representatives of the pre-Abay author's oral literature was reviewed, attention was paid to their artistic, aesthetic, content-ideological function. A comparative analysis of the artistic skill of Abay in depicting a female image was made, comparable from the point of view of the poetic tradition and the author's position of the Zhyrau poetry as Bukhar, Aktamberdi, Shalgez, Shal akyn and Akan Seri, a prominent representative of the Sal-seri poetry.

Analyzing the evolution of artistic views on the image of Kazakh women in national poetry, we will see that the discourse of literary creativity before Abai was dominated by images of women with contrasting qualities. That is, women in the works of zhyraus and poets-singers were often depicted in terms of the binary opposition of a good-bad female character, as well as external physical beauty. And in the image of Kazakh women, born by the pen of Abai, their whole world is revealed, starting from the external portrait, norms of behavior, clothing and behavior, ending with the psychological, emotional state and inner spiritual world. In addition, in the work of Abai, the process of transforming the traditional image of a woman into a deep, complex, mysterious image of a mother, beloved wife, girlfriend, beautiful girl, muse of love was differentiated through specific texts.

The article was prepared as part of the doctoral dissertation «The spiritual world of Kazakh women in the poetry of Abai (based on gender poetics)».

Key words: Abai, poetry, female image, female emancipation, gender poetics, typology.

Информация об авторе:

Жұматаева Айдана Нышанғалиевна, научный сотрудник института Литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, PhD докторант. aidanaz@mail.ru, ORCID iD: 0000-0003-2236-9549

Әдебиеттер

Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 640 б. ISBN 978-601-200-724-4. (қаз).

Абайтану. Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар / Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 279 б. ISBN 978-601-04-1285-9. (қаз).

Ақындар аманаты: қазақтың ауызша әдебиеті. Ақан сері Қорамсаұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Балуан шолақ Баймырзақұлы. Шығармалары. – Алматы: Нұрлы press.kz, 2014. – 281 б. ISBN 978-601-80288-7-8. (қаз).

Өуезов М. Елу томдық шығармалар жинағы. Т. 31: Мақалалар, либретто, пьеса. – Алматы: Дәуір, 2008. – 402 б. ISBN 9965-759-76-6. (орыс).

Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық / құраст.: М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б. ISBN 5-605-00358-5. (қаз).

Дәдебаев Ж., Жусанбаева С., Баязитов Б. // Абай шығармаларының мағыналық-құрылымдық жүйесі // «Керуен» ғылыми журналы (БҒСБК ұсынған), бөлім 73, № 4 (2021). <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/127/91> қаралған күні: 12. 02. 2022. (қаз).

Daniel Schulza, ŠtěpánBahník // XX ғасырдағы ағылшын тілді әдебиеттегі гендерлік ассоциациялар // Тұлғаны зерттеу журналы (Scopus), 81-том, тамыз, 2019 ж., 88-97 бб. (ағыл).

Классикалық зерттеулер: Көптомдық. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. Т. 25: С.Сейфуллин, Ә.Дербісәлин, Қ.Сыдықұлы, М.Мағауин. Қазақтың жыраулық мұрасы. – 417 б. ISBN 978-601-7414-00-9. (қаз).

Қалқаманұлы Бұқар. Ай, Абылай, Абылай! Толғаулар. Алматы: Жалын, 1993. – 96 б. ISBN 5-610-01240-6. (каз).

Литература

Абай. Полное академическое собрание сочинений. Трехтомник. Том 1 – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 с. ISBN 978-601-200-724-4. (каз).

Абайтану. Избранные произведения. Том IV. Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 279 с. ISBN 978-601-04-1285-9. (каз).

Ақындар аманаты: казахская устная литература. Акан сері Қорамсаулы, Укили Ыбырай Сандыбайұлы, Балuan шoлак Баймырзаулы. Произведения. – Алматы: Нурлы press.kz, 2014. – 281 с. ISBN 978-601-80288-7-8. (каз).

Ауэзов М. Пятидесяти томный сборник сочинений. Т. 31: Статьи, либретто, пьеса. – Алматы: Дәуір, 2008. – 402 с. ISBN 9965-759-76-6. (рус).

Бес ғасыр жырлайды: 2 т. / составители: М. Магауин, М. Байдиляев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Вып. 1. – 384 с. ISBN 5-605-00358-5. (каз).

Дадебаев Ж., Жусанбаева С., Байзитов Б. // Семантико-структурная система произведений Абая // Научный журнал «Керуен» (ККСОН), раздел 73, № 4 (2021). <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/127/91> дата просмотрено: 12. 02. 2022. (каз).

Daniel Schulza, Štěpán Bahník // Гендерные ассоциации в англоязычной литературе XX века // Journal of Personality Studies (Scopus), том 81, август 2019 г., 88-97 с. <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0092656619300510>. (англ).

Классические исследования: Много томник. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. Вып. 25: С. Сейфуллин, А. Дербисалин, К. Сыдыкұлы, М. Магауин. Наследие казахских жырау. – 417 с. ISBN 978-601-7414-00-9. (каз). [

Қалқаманұлы Бұқар. Ай, Абылай, Абылай! Толғау. Алматы: Жалын, 1993. – 96 с. ISBN 5-610-01240-6. (каз).

References

Abay. Complete Academic Works. Three volumes. Volume 1. (2020). – Almaty: Zhazushy. – 640 p. ISBN 978-601-200-724-4. (in kaz).

Abaytanu. Selected works. Volume IV. (2015). – Almaty: Kazakh University. – 279 p. ISBN 978-601-04-1285-9. (in kaz).

Akyndar amanati: Kazakh oral literature. (2014). Akan Seri Koramsauy, Ukili Ybyray Sandybayuly, Baluan Sholak Baimyrzauly works. – Almaty: Nurlu press.kz. – 281 p. ISBN 978-601-80288-7-8. (in kaz).

Auevov M. (2008). Fifty-volume collection of works. T. 31: Articles, libretto, play. – Almaty: Dauir. – 402 p. ISBN 9965-759-76-6. (in rus).

Bes gasyr zhyrlaidy: 2 volumes / (1989). Compilers: M. Magauin, M. Baidildaev. – Almaty: Zhazushy. – Issue. 1. – 384 p. ISBN 5-605-00358-5. (in kaz).

Dadebaev Zh., Zhusanbaeva S., Bayazitov B. (2021) // Semantic-structural system of Abai's works // Scientific journal «Keruen» (KKSON), section 73, no. 4. <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/127/91>. (date viewed: 12. 02. 2022). (in kaz).

Daniel Schulza, Štěpán Bahník (2019). // Gender Associations in the 20th Century English Literature // Journal of Personality Studies (Scopus), Volume 81, August, pp. 88-97. <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0092656619300510>. (date viewed: 12. 02. 2022). (in english).

Classical Studies: Multivolume (2014). – Almaty: Adebijet Alemi. Issue. 25: S. Seifullin, A. Derbisalin, K. Sydykuly, M. Magauin. The legacy of the Kazakh zhyrau. – 417 p. ISBN 978-601-7414-00-9. (in kaz).

Kalkamanuly Bukhar. (1993). Ay, Abylay, Abylay! Tolgau. Almaty: Zhalyn. – 96 p. ISBN 5-610-01240-6. (in kaz).